**Кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 69 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 5 наурызда № 35788 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 393 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14342 болып тіркелген);

2) "Жедел ден қою шараларын қолдану туралы нұсқаманың нысанын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 321 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30194 болып тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Ауыл шаруашылығы министрі* *А. Сапаров*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК